


Y 2007
346 K



БОЗИНГЕН



ХАЙУАНАТТАР ЖАЙЛЫ ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРИ

Кұрастыргандар
Күрманбай Толыбаев
Қуанышбай Күрманғалиев



А Л М А Т Ы «Ж А Л Ы Н» 1985

821.512.122-34

82.3 (Каз — 6)
Б 70


Пікір жазған Нұрқасым Қазыбеков

Бозінген: Хайуанаттар жайлы ертегілер /Құраст.
Б 70 К. Толыбаев, К. Құрманғалиев.— Алматы:
Жалын, 1985—224 бет, илл.

Вүл жинаққа хайуанаттар жайлы қазактың халық ертегілері енген.

82.3(2Каз — 6)

Б $\frac{480300000-025}{408(05)85}$ 102—84 © «Жалын» баспасы, 1985.



Бозінген

Бұрынғы заманда Бағланбай деген кісінің Бозінген деген бір жақсы түйесі болған екен. Бозінген өмірінде боталамаған екен. Бір күні Бағланбай аулының адамдарына:

— Менің жақсы көретін Бозінгенім боталамады. Бұған не ақыл бересіңдер? — депті.

Бұған жиналған жұрттың бірде-біреуі ақыл бере алмапты. Сонда босағада тұрған бір жетім бала былай депті:

— Айналайын, ағайлар,
Мендей жетім балалар
Босағадан сығалар!
Ақсақалдар, қақпасан,
Мен бір сөзді айтайын,
Құлақ салып тыңдасан,
Ашу, жанжал қылмасан,
Тойыңды жеп қайтамын!
Бозінгенді алдырсан,
Үстіне кілем салдырсан,
Жібектен бұйда тақтырсан,
Шытырма қазық қақтырсан,
Бозінген бота туады,
Мәпелеп, шал мен кемпірге
Әлпештеп оны бақтырсан...

* * *

Баланың сөзін мақұлдалап,
Бозінгенді алдырып,
Қалы кілем жаптырды,
Жібек бұйда тақтырды,
Шытырма қазық қақтырды,
Мәпелеп, бота табар деп,
Кемпір-шалға бақтырды.

Жыл мүшелі болып, Бозінген қайып, туатын мезгілі жетіп-ті. Бір күні басы алтын, бөксесі күміс бота туады. Бағып жүрген кемпір-шал қуанып:

— Бағланбайдан сүйінші сұрайық! — деп бара жатса, аулындағы қу саудагерлер кемпір-шалдан:

— Қайда барасындар? — деп сұрайды.

Сонда кемпір-шал:

— Барып Бағланбайдан сүйінші аламыз! Інгені басы алтын, бөксесі күміс бота тапты, — дейді.



Сонда аналар:

— Сендер өздерің ғана барып, сүйінші алғандарыңмен, бастарыңа мүйіз шықпайды. Онан да қызығын барлығымыз бірдей көрейік. Інгенді сатып, пұлын бөліп аламыз. Ботасын жеті қабат темір үйге кіргізіп, сақтап, өскен соң, оны да сата-мыз,— дейді.

Кемпір-шал көнбейді. Онан соң аналар кемпір мен шалды өлтірмекші болады. Сосын кемпір-шал қорыққанынан лажсыз көнеді. Бозінгенді базарға апарып сатады, бір керуеншілер түйені жетелеп алыш кетеді. Сонда Бозінгеннің керуеншілерге ботасын сағынып боздап, зарлап айтқаны:

Жаралғаннан жасымнан
Күйіп-жанып сабылдым!
Тартып шеру бала үшін,
Үстіме кілем жамылдым.
Кекілімді үкілеп,
Жібектен бұйда тағындым.
Бота үшін толғанып,
Эр нәрсеге жалындым!
Ақырында аңырап,
Базар түсіп сатылдым.
Жас ботамнан айрылып,
Бұлай болар не қылдым?!

Мына жалған дүниеде,
Көрер күнім болар ма?
Мен ботамды сағындым!
Неше кундер жол бастым,
Көзімнен жасты ағызып,
Емшектің сүтін тамызып,
Өлгенде көрген ботамды
Емізбедім жағызып!
Боташымнан айрылып,
Ішім оттай күйеді,
Жүйем босап сағынып,
Тұла бойым иеді...

Кеш болған соң керуеншілер бір жерге қонады. Бозінген арман, дерті ішіне толып, әуедегі үшқан құстардан ботасын сұрап, зарлағаны:


— Қалықтаған аспанда
Ителгі менен сұңқарсың,
Ертеменен жем алсан,
Сәскеде барып ұшарсың!



Аспандап ұшып келдің бе?
Ел ішінде қайғырған,
Енесінен айрылған,
Зарлап, боздап қайғырған
Жетім бота көрдің бе?
«Қандай бота?» дедің бе?
Аспандап ұшып, айналған,
Тұлкі көрсе, сайланған,
Тұлкісін иесі байланған,
Қара ала баршын бүркітім,
Аспандап ұшып келдің бе?
Ел ішінде боздаған,
Ішкі дертін қозғаған,
Базарға сатып қоймаған,
Еркіменен тоймаған
Жетім бота көрдің бе?
«Не еткен бота?» дедің бе?
Шарықтаған күшіген,
Аспанды кезген жүрісің,
Тамам құстың зорысың.
Ел ішінде боздаған,
Ішкі дертін қозғаған
Жетім бота көрдің бе?
Күндіз ұшпай, тұнде ұшқан,
Көбелекпен бірге ұшқан
Көзі қызыл үкісің.
Түндерде ұшып келдің бе?
Енесінен айрылған,
Аққудай мойны қайрылған,
Күндіз-тұні зарлаған,
Көзінен жасы парлаған
Жетім бота көрдің бе?
«Не еткен бота?» дедің бе?..

* * *

Омырауы жасқа малынып,
Көрінген құсқа жалынып,
Ботасына зар күйін,
Қайнаған іште бар күйін
Жеткіз деп, жылап тапсырды
Кемпір мен шалдың үйіне.



Ұшқан құс та аяды,
Мойындары иіле,
Тау мен тас та күніренді
Бозінгеннің күйіне!..

Бозінген сөйтіп, зарлап, көрінген құстан сұрай беріпті. Біреуінен жауап ала алмапты. Содан кейін Бозінген ботасын өлген екен деп зарлайды:

— Мен Ботамнан айрылғам,
Қарайлап, мойны қайрылған,
Сағынып, зарлап егілген,
Көзімнен жасым төгілген...
Не жазығым бар еді?!

Екі көзді сел алыш,
Жылай, жылай шел алыш,
Тілек тілеп зарласам,
Тілегімді берер ме?
Ботақаным келер ме?

•
Осыны айтып, боздап кете береді.


Керуеншілер бір жерге малдарын тынықтырып, тойындырмаққа тоқтайды, бес-алты күн еру болып жатады.


Бағланбайдың екі ұлы бар еді. Бұлар мал сатып, базардан қайтып келе жатады да, боздаған Бозінгеннің даусын естіп, таныйды. Сонда бұлар:


— Бұл қайдан жүр? Әлде керуенге еріп кетті ме? — деп, екеуі қоржындарын жолдастарына беріп, інгенді ізdep кетеді. Бұлар талай малды аралап жүріп, ақырында Бозінгенді табады.

«Түйені ұстап алыш, жүре берейік,— деп ойлайды да,— қой, мұнымыз ұят болар! Жайын сұрайық,— деп, керуеншілерге келеді де, жай-жапсарын айтады:

— Ассалаумағалайкум,
Қонып жатқан керуендер!
Алтын, күміс артынып,
Ай түбіне бардыңыз,
Айға сұрау салдыңыз,
Бағланбайдың Бозінгенин
Қайдан сатып алдыңыз?
Алтын, күміс артты екен,
Ай қызырып батты екен,
Бағланбайдың інгенін










Қандай адам сатты екен?
Ай, жарықтық, Бозінген
Қандай бота тапты екен?
Анасынан айрылып,
Адасқан қудай қайрылып,
Ботақаны еңіреп,
Қайтіп тірі жатты екен?
Бағланбай деген адамның
Бозінгені бар еді,
Бір ботаға зар еді,
Оймалы, шайы кілемді
Оңдал, солдал жаптырған,
Жібектен бүйда тақтырған,
Шытырма қазық қақтырған,
Бозінген бота табар деп
Кемпір-шалға бақтырған.
Бағланбайдың інгенін
Қандай адам саттырған?
Аттың басын бұрам ба?
Кешке дейін тұрам ба?
Мінген атым қарагер,
Ертерек бізге жауап бер!
Сөзімді қабыл алыңыз,
Бұл сөзіме наныңыз,
Артынан хабар алайын,
Жеті күн тоқтам беріңіз!
Елге қарай шабайық,
Сатқанды ізден табайық,
Пұлныңды алып берейік,
Інгенді алып қалайық.

Бұған керуен басы айтады:

— Біз талай үлкен қалаларға бардық. Қайтуға жақындағанда бір қалада біреу әкеп сатты. Алпыс ділдә беріп алдық. Ондай ботасы болса, обалына қалмайық, он күн тоқтап жатамыз. Пұлның әкеп беріп, алып қалыңыз. Он күннен кешіксеніз кетіп қаламыз. Онда қалғаныңыз.

Екі жігіт сыйдыртып отырып, бес күнде кемпір-шалдың үйіне келеді. Олардың келе жатқанын көріп, кемпір-шал жасырынып қалады.



Жігіттер ауылға келіп:

— Мінген атым қарагер,
Келген жерім талай жер.
Бозінгенді сұраймыз,
Кемпір-шал, шығып жауап бер!

Кемпір-шал шықпайды. Екі қыз бала шығып, жігіттерге жауап береді:

— Адырга шыққан бадал ма?!
Мал-жаныңыз аман ба?
Сіздер сұрап тұрғанда,
Айтпай тұрар заман ба?
Айналайын ағалар,
Басқа түссе, әл қанша?
Ай төбеде толыпты,
Жыл мүшелі болыпты,
Боталар уағы жетіпті.
Бозінгені құрысын,
Бошалап қашып кетіпті!
Кемпір-шал іздең кетіпті,
Тигізіп жерге табанды.
Кемпір мен шал бар ма екен
Тірі көрер болар ма?..

Екі жігіт ойлады: «Ешкім сатпаған екен, өзі бошалап кеткен екен, керуеншілер бізді алдаған екен. Енді біз барғанша керуендер көшіп кетеді. Біз жете алмайтын болдық!» — деп, қапаланып тұрады. Сол мезгілде Бозінгеннің ботасы, емізік еметін уақыты болып, боздайды. Ботаның даусын есітіп, екі қызға жігіттердің айтқаны:

— Енесінен айырып,
Жас ботаны қылдың зар!
Екі жерде зарлатқан
Кемпір мен шалдың пейлі тар.
Естіледі зарлы үн,
Күніренген жетім бота бар.
Жетім бота тірі екен.
Қуанған жүрек жарылар!

Мұны есітіп, кемпір-шал өздері шығады да, екі жігітке жалынып:

— Айыбымызды кешкін! — деп, бар шынын айтады. Жігіттер мән-жайға түсініп, кемпір-шалдың айыбын кешеді.

Жігіттер алпыс ділдәні алып, күн-түн қатып, сыдыртып барса, керуеншілер көшуге қамданып жатыр екен. Ділдәсін беріп, түйені




алып, келе жатқанда: «Ботам өлі ме, тірі ме?» — деп Бозінген-
нің зарлағаны:

— Орындалды тілегім,
Қуанып келед жүрегім!
Мен ботамнан айрылып,
Еңіреп, боздап келемін.
Аман-есен бар ма екен?
Ботамды көріп, аналық,
Жарылар ма екен жүрегім?!
Жолға түсіп жelemін.
Керуеннің жолынан
Аман қайтып келемін.
Өлерде көрген ботамды
Қайткенде тірі көремін?!
Керуені құрысын!
Ауыр жүкті көп артып,
Жауыр қылды арқамды.
Қуанғаннан ботама
Жыламай, қайтіп шыдайын!
Тірі көрер ме екенмін,
Боташымды — қалқамды?!
Түзелді бүгін жүрісім,
Егілді жұмсал кірісім.
Өмір, сенен тілегім,
Көрсетпе ботам терісін!
Қоқтыға біткен шайыр-ды.
Қойшылар қойын қайырды.
Өлерде көрген ботамнан
Аяmas қулар айырды!
Боташымнан айрылып,
Артыма жылап қайрылып,
Жат қолында қаңғырдым,
Еңіреп, зарлап күйемін.
Жер менен көк жаңғырды.
Сүймеген жаным залымды,
Естір-ді мұнды зарымды.

Бозінген зар-күйін күнірентіп, желе берді. Ауылға таянып,
ботаның қарасын көргенде, тұла бойы иіп, түйенің жүйесі босап,
жылағаны:

— Менің көріп ботамды
Емізер күнім болар ма?
Жар жағалап, жапырақ



Жегізер күнім болар ма?
Айналайын, жан ботам,
Толған айдай толар ма?!
Кекіре біткен көк ойға
Көлбетер күнім болар ма?
Сарымсақты сары ойға
Ойнатар күнім болар ма?
Бауырымдағы қара емшек
Емізер күнім болар ма?
Айналайын, жан ботам,
Басыңа бақыт қонар ма?!
Көңгे біткен көк шалғын
Тартып шашар болар ма?
Көнектей толған қара емшек
Емізер күнім бар ма екен?
Айналайын, жан ботам,
Немене болып қалды екен?!
Жібектей бұйда мұрнымда
Шұбалтар күнім бар ма екен?
Бағланбайдың Бозінгені
Алтын бота тапты деп,
Қуантар күнім бар ма екен?
Жібектен бұйда мұрнымда
Түйілтер күнім бар ма екен?
Бағланбайдың інгені
Күміс бота тапты деп,
Сүйінтер күнім бар ма екен?
Мен ботамды ерітіп,
Тел қозыдай телшітіп,
Бағланбайдың үйіне
Баар күнім бар ма екен?
Айналайын боташым,
Немене болып қалды екен?!
Түйе аунаған шаңдаққа
Аунатар күнім бар ма екен?
Түйе ішінде секіртіп,
Ойнатар күнім бар ма екен?
Ұйқтап жатқан жерінде,
Қабырғадан тістелеп,
Қақ төсінен иіскелеп,
Оятар күнім бар ма екен?

Боздаған Бозінген ботасына келіп қосылып, мауқын басады.



Тұлкі, қойшы, аю

Бір қойшы қой бағып жүрсе, бір тұлкіні бір аю қуып келеді екен, ол бір тамға келіп кіреді. Аю да кірейін дегенде, тамның тар тесігіне кеудесі сыйып, бөксесі сыймай кептеліп қалады. Тұлкі тамның бір кішкентай тесігінен жалт етіп шығып, айналып тесікке келеді де, тесіктен не әрі кетпей, не қайта шыға алмай, ілініп жатқан аюдың артынан келіп, мазақтап, аюға сарып кетеді. Оны қойшы көріп тұрады. Аю әрең деп қайта шығып, жан-жағына қаранып, қойшыға келеді.

— Е, сен не көрдің? — дейді аю қойшыға.

Қойшы:

— Мен не көрейін?.. Бір аюға бір тұлкі сарып кетті. Сонығана көрдім, — дейді.

Аю ашуланып:

— Егерде осыны біреуге айтсаң, сені жең қоямын! — дейді.

Қойшы:

— Ойбай, ендеше айтпаймын?! — дейді.

— Жарайды. Эйтеуір айтсаң, өлесің! — деп, аю кетіп қалады.

Кешке ауылға келген соң, қойшы мұны ауылдағыларға айтады. Ауылдағы бала-шаға мұны өлең қылып айтып, ойнап жүреді. Мұны аю естіп, ыза болып, ертеңіне қой жайып тұрған қойшыға келіп:

— Е, сенің «тірі жанға айтпаймын» дегенің қайда? Енді сені жеймін! — дейді.

Қойшы жылап:

— Үш күнге рұқсат бер, үй ішіммен, ағайын-туысқандарыммен қоштасып келейін! — дейді.

— Жарайды. Үш күнге рұқсат бердім, — деп, аю кетіп қалады.

Қойшы далада жылап отырса, тұлкі келеді:

— Е, қойшым, неге жылап отырсың? — дейді.

Қойшы:

— Ойбай, осылай да осылай, бәрі сенің кесірің! Енді өлетін болдым, — дейді.

Тұлкі:

— Ойбай, үн деме, аюдан құтылудың амалын мен табайын! Не бересің? — дейді.

Қойшы қуанып:

— Ойбай, не қаласаң, соны берейін! — дейді.


Тұлкі:

— Маған бір бүйрекінді бер, — дейді.

— Берейін, — дейді қойшы.

Тұлкі айтады:

— Ауылыңа бар да, бір үлкен қап әкел! Аю келгенде, анау



жерде шаңды бұрқыратып мен жүрейін. Аю сұрап: «Анау не?» — деп, сонда сен: «Ол ханның баласы. Қатыны аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздең жүр», — де, аю қорқып: «Ойбай, ендеше мені жасыр. Қайда тығыламын?» — дер, сонда сен: «Мына үлкен қапқа тығыл», — деп, қапқа тығып, қаптың аузын мықтап байла да, шоқпармен ұрып өлтір!

Екеуі осыған уәделеседі. Тұлкі кетеді. Қелем деген күні аю келеді. Аю қойшымен сөйлесіп:

— Енді жеймін! — деп тұрғанда, алыстан бұрқылдаған шаңды көреді.

— Қойшы, анау не? — деп сұрайды аю.

Қойшы:

— Ол ханның баласы. Қатыны аюдың жүрегіне жерік болып, соны іздең жүр! — дейді.

— Ойбай, қойшы, мені жасыра гөр! Қайда тығылам? — деп, аю сасады:

Қойшы:

— Ендеше мұнда тығылағой! — деп, аюды қапқа тығып, қаптың аузын шылбырмен мықтап буады да, шоқпармен ұрып, өлтіреді.

Енді тұлкі келіп, күліп:

— Е, енді бүйрекінді бер! — дейді қойшыға.

Қойшы қипақтап, жыламсырап белбеуін шешеді. Белбеуін шешкенде қойшының іші шұрылдайды. Тұлкі құлағын тіге қойып:


— О не, қыңсылаған? — дейді.

Сол арада қойшы:

— Тұнеугұні бір тазының күшігін жұтып едім, сол енді үлкен тазы болып, ішімнен шығайын деп, қыңсылап жатыр, — дейді.

Тұлкі қорқып:

— Ойбай, қойшы, ендеше дос болайық! Тазы шығып кетпесін, мен қашайын! — деп, қаша жөнеліпті.





Түйе, арыстан, қасқыр және тұлкі

Бір тұлкі жортып келе жатып, лағып бара жатқан бір түйеге кездеседі.

— Түйем, қайда барасың? — дейді тұлкі.

Түйе:

— Оты мол, сұы мол жер іздел барамын, — дейді.

Тұлкі:

— Ендеше, екеуміз жолдас болайық, — дейді.

Түйе:

— Болсақ болайық, — дейді.

Екеуі келе жатса, бір қасқыр келіп жолығады.

Қасқыр:

— Е, қайда барасындар? — дейді.

Бұлар:

— Оты мол, сұы мол жер іздел барамыз, — дейді.

— Ендеше үшеуміз жолдас болайық, — дейді.

Қасқыр жолдас болып жүріп келе жатса, бір арыстан келіп кездеседі.

Үшеуі:

— Оты мол, сұы мол жер іздел барамыз, — дейді.

Арыстан:

— Ендеше төртеуміз жолдас болайық, — дейді.

Төртеуі жүріп отырып, өзі нұлы; өзі сулы, биік таулы жерді тауып, мекен қылып жүреді. Арыстан, қасқыр, тұлкі уақ аңтышқан аулап жеп жүреді. Түйе шүйгін жердің оты мен сұына жардай болып семіреді. Қыс болып, уақ аң таусылып, арыстан, қасқыр, тұлкі — үшеуі ашығады. Көздеріне түйеден басқа ештеңе көрінбейді. Олар Түйені жемек болады. Түйе жолдастығын айтып, жылайды. Соң соң түйеге біраз тимей жүріп, әбден ашыққан соң үшеуі ақылдастып, түйемен сөйлесуге тұлкіні жібереді.

Тұлкі түйеге келіп айтады:

— Қыс болса мынау: ақ қар жауып, боран соғып тұр. Жердегі шөптің бәрі қар астында қалды, енді аз күнде сен байғұс аштан өліп қаласың ғой. Саған жаным ашығаннан бір ақыл айтқалы келдім, — дейді.

Түйе:

— Айта ғой, — дейді.

Тұлкі:

— Сен қыс ішінде бүйтіп әрі аштан, әрі жылы қораң жок, сұықтан өлгенше, өзінді бізге сат. Жаз шығып, көктем туғанда сені боталы інген қылып берейік, — дейді.

Қу тұлкінің сөзіне аңқау түйе көніп:

— Жарайды, — дейді.



Осы сәт қасына келген арыстанға тұлкі:

— Ал... Арсеке! Неге қарап тұрсыз! Қымылданыз,— деді.

Арыстан түйені ә дегенше жайратып тастайды.

Тұлкі тұрып:

— Арсеке! Сіз демінізді алғып, жата тұрыңыз, біз мұның терісін сойып болған соң, хабар етеміз,— дейді.

Арыстан:

— Сендер жеп қоярсыңдар! — дейді.

Тұлкі:

— Ойбай, тақсыр, о не дегенің! — дейді.

Арыстан:

— Олай болса, жақсы! — деп, бір жерге барып жатып қалады.

Тұлкі мен қасқыр екеуі тістерімен терісін жыртып, түйені союға кіріседі.

Тұлкі тұрып қасқырға:

— Ал, Қасеке! Мен бөксе жағын сояйын, сіз бас жағын сойыңыз,— дейді.

Қасқыр түйенің басының парша-паршасын шығарып, терісін жыртып, көз майын шығарып қояды. Тұлкі мұны көріп, қасқырға айтады:

— Ал, Қасеке! Сіз енді бөксе жағын сойыңыз, мен бас жағын сояйын.

Қасқыр барып бөксесін сояды.

Тұлкі қасқырға білдірмей, түйенің көз майын ойып жейді де, қасқырға:

— Сіз алдыңғы аяғын сойыңыз, мен артқы жағына барайын,— дейді.

Қасқыр алдына алданып жатқанда, тұлкі іш майын сурып жеп қояды, тағы да қасқырға:

— Сіз соя тұрыңыз! Мен жүгіріп Арсекеңе барып келейін. Неғып жатыр екен? — деп жүгіріп кетеді.

Арыстан мұны көріп, жатқан орнынан тұра келіп:

— Сойып болдыңдар ма? — дейді.

Тұлкі:

— Сойып болдық! Бірақ мен бір нәрседен қорқып келдім,— дейді.


Арыстан:

— Неден? — деп сұрайды.

Тұлкі:

— Қасқыр айтқан шартта тұрмай, түйенің көз майы мен іш майын жеп қойды. Мен осыны сізге айтайын деп келіп едім,— дейді.

Арыстан ашуланып, ақырып қасқырға келеді. Қасқыр қорқ-



қаннан қаша жөнеледі. Арыстан қуып кетеді. Қасқыр мен арыстан бір қырдан асып, көрінбей кеткенде, тұлкі түйенің бар етін бір шұңқырға сүйрелеп апарып қояды да өзі арыстанның артынан жүгіре жөнеледі.

Арыстан қасқырды қуалап, шаршап келе жатқанда, тұлкі оған қарсы жолығады.

Арыстан тұлкіге:

— Қайда барасың? — деді.

Тұлкі:

— Қасқырдың кесірі бәрімізге тиді! — дейі.

Арыстан жөн сұрайды:

— Неге?

Тұлкі айтады:

— Сендер кеткен соң түйе тұра келіп: «Мен сендерге сатылмаймын, мына қылықтарыңа қарағанда түбінде мені төлемейді екенсіңдер!» — деп, терісін жалбыратып, ішегін сүйретіп, кетіп қалды.

Арыстан:

— Қай жаққа қарай кетті? — деп сұрайды.

Тұлкі айтады:

— Осы қырдан асып кетті.

Арыстан:

— Қап! — деп, нұсқаған жаққа қарай тартады.

Тұлкі тамағын тойдырып алғып, жортып келе жатса, бір жерде қасқыр шаршап жатыр екен, тұлкі қасына жетіп келеді.

Қасқыр тұлкіге:

— Мені арыстанға шағыстырып жүрген сенсің ғой! — деп, ашуланады.

Тұлкі айтады:

— Мені де қуып жіберді. Мені кім шағыстырыды сонда?

Қасқыр бұған нанып қалады:

— Енді қайда барып тұрамыз?

Тұлкі:


— Жүре берейік, бір нәрсе табармыз, — дейді.

Сөйтіп, екеуі келе жатса, алдарында бір жарты қүйрық жатыр.

Қасқыр:

— Мұның бір бәлесі бар шығар? — деп, жеуден қорқады.

— Сен қорықсан, өзім жеймін! Бүгін базар, мұның не бәлесі бар дейсің! Жұрт базарға барғанда қүйрық арзан болған-ды, арзан қүйрықты көбірек алған-ды, ал, қанжығасына бос байлаپ, үйіне шауып бара жатқанда түсіп қалған шығар. Жеймін! — деп, тұлкі қулықпен ұмтылғанда, қасқыр:



— Өзім жеймін! — деп, құйрықты асап қалғанда, астында қақпан бар екен, қақпанға қасқыр түседі де қалады.

Сонда тұлкі:

— Ал, Қасеке, шамасы сіздің етіңізді мен жетін болдым ғой! — дейді.

— Қалай жейсің?

Тұлкі:

— Ертең қақпанның иесі келсе, сені көріп, терінді соыйп алады, етінді тастап кетеді. Сосын оны мен жемей, кім жейді? — дейді де, бір шұңқырға барып, тығылып жата береді. Ертеңіне аңшы келіп, қасқырды көріп, терісін соыйп алады да, етін тастап кетеді. Ол кеткесін тұлкі қасқырдың етін жеп, тойып алады.

Тұлкі онан қайтып келе жатқанда арыстанға жолығады.

Тұлкі оны көріп:

— Арсеке, қайдан келесіз? — дейді.

Арыстан:

— Мен түйені таба алмадым, — дейді.

Тұлкі айтады:

— Тақсыр! Сіздің атаңызды көріп едім, осы тауда аң аулап жүретін еді. Аңдарды қарғып басып алып жеттүғын еді.

Сонда арыстан айтады:

— Қалайша қарғушы еді, сен көрсет, мен қарғып көрейін.

Тұлкі айтып береді. Тұлкі әңгімесін одан әрі жалғап:

— Сіздің тұлғаңыз атаңыздан кем емес екен! — дейді.

Сонда арыстан кейін шегініп, алға жүгірсе де, жардың басына жеткенде кілт тоқтайды. Тұлкі тағы да:

— Эй, Арсеке! Егер қарғи алсаңыз, нұсқаңыз атаңызға ұқсан тұр, — дейді.

Сол уақытта жардың астына бір киік келіп қалады, Арыстан оның үстіне қарғып түскенде, сүйектері күл-парша болады. Сонда тұлкі келіп:

— Арсеке, бір жеріңіз ауырып қалды ма? — деп сұрайды.

Арыстан:

— Сынбаған сүйегім жоқ, — дейді.

Тұлкі мұның қимылдауға шамасының келмейтінін біліп, қоң етін ойып жей бастайды. Сонда арыстан:


— Эй, тұлкі, әуелі көз майымды жеші, — дейді.

Тұлкі:

— Арсеке, несіне асығасың! Бұйырса, сенің сан майыңды да жеттүғын болдым ғой, — дейді.

Арыстанды және жеп алады. Сөйтіп, қу тұлкі қыстан тоқ шығыпты деседі.

Тұлкі, тасбақа және кене



Баяғы заманда бір тұлкі, бір тасбақа және бір кене — үшеуі жолдас болып келе жатса, бір жерде бір уыс тары жатыр екен. Үшеуі ойласып:

— Мұны тұқым қылып, жерге егіп, көбейтіп, бөліп алайық,— дейді.

Тұлкі бір жарды көріп:

— Мен осы жарды сүйеп тұрайын, болмаса құлап кетер,— деп, көлеңкені саялап, жатып алады.

Тасбақа байғұс жер тырналап, кене сорлы тарыны жиып, егіп, әлекке түседі. Сөйтіп, көп бейнет шегіп, піскен соң ол тарыны орып алады. Бастырганда бір аяқ тары болады. Біреуі барып, тұлкіні шақырып келеді. Тұлкі келе сала:

— Бұл тарыны үшеумізге болуғе болмайды. Үшке бөлгесін бұл әрқайсымызға қаншадан тиеді дейсің. Онан да үшеуміз жарысып, қай озғанымыз алайық,— дейді.

— Мақұл!— деп, үшеуі бір жерге келіп, қатарласып тұрады. Тұлкі: — Ал кеттік!— деп, жөней бергенде, кене тұлкінің башпайна жабысып, бірге кетеді. Тұлкі өліп-өшіп, барынша жүгіріп келіп, қырманға отыра бергенде, кене:

— Ай, сорлы, мені басып өлтіресің бе?— дейді.

— Ой, сен қашан келдің?— дейді тұлкі.

— Сен бағана «Ал кеттік!» дегенде-ақ мен келіп қалғамын!— дейді кене.

Екеуі дауласып жатқанда, аузы-мұрны қан-қан болып, тасбақа келеді. Келе сала:

— Ойбай, тұлкі, мен бір бәле көріп келдім! Жаңа сендердің артынан екі қарагер аты бар, қара бүркіті бар және екі тазысы бар екі адам келіп, жаңағы қасындағы тұлкі жолдасынды тауып бер деп, менің аузы-мұрнымды қан қылды. Сонда да айтқаным жоқ, осы жаққа қарай келе жатыр,— дейді.

Тұлкі:

— Айналайындар-ай, мені айта көрмендер! Мына тарыны екеуің тен бөліп ал, мен сендерге риза болайын. Олар келсе: «Білмейміз қайда кеткенін» деңдер,— деп, тұра жөнеліпті.

Сөйтіп, тарыны тасбақа мен кене бөліп алышты.





Тұлкі мен маймыл

Бір күні тұлкі жортып жүріп, қақпан үстінде өліп жатқан бір балықты көреді. Тұлкі балықты құйрығымен сипап, тартып қарайды, бірақ қақпаннан шығара алмайды. Балық үлкенірек екен, тұлкінің құйрығының қуаты келмейді.

Балықты алғып жей алмай, ызалаңып, жолмен жортып келе жатса, тұлкінің алдынан бір маймыл ұшырайды. Тұлкі маймылды көріп, басын төмен салып, құйрығын бұландастып, еркелеп, ыржандай күліп, сәлем береді. Маймыл сәлемін алғып:

— Жол болсын, тұлкі би! Бұрын мұндай құрмет қылмаушы едіңіз, енді қалайша құрмет қылдыңыз? — дейді.

Сонда тұлкі айтады:

— Сүйінші беріңіз, патша сайламаққа келдік! Көп аңдар, көп жандар кеңес қылып еді. «Арамыздан патша сайлаймыз» деп маған ақыл салды. «Сенің білімің көп еді, осы кеңесіміз мақұл ма?» — деді. Мен: «Менен маймылдың білімі көп, адамзатқа ұқсайды. Менің тілімді алсаңыздар, маймылды патша сайлаңыздар, үлкен-кішіміздің жайымызды білер, әділетсіз іс қылmas. Егер арыстан патша болса, онда күші көп, өзіне ықтияр тиген соң, ойна келген ісін қылар, жазықты, жазықсызға қарамай, нашар жандардың барлығын қырып тастар; алдына ешкім арыз айтып келе алмас, әuletімен құртып жіберер!» — дедім. Жиылғандарға менің ақылым ұнады. «Тұлкі бидің ақылы — табылған ақыл», — деді. «Патша сайламаққа арыстан жарамайды екен, бәрімізге де зиян келтіреді екен, маймылды патша сайлайық, нашардың сөзін тыңдар адамзатқа ұқсаған әділетті, ақылы көп шығар, тез тауып келіңіз», — деді. Сіздің қайда екеніңізді білмей, жан-жануар тұс-тұс жаққа қарап, ізден кетті. Бәрінен бұрын сізге келіп мен жолықтым. Құрмет қылып тұрғанымның мәнісі осы еді.

Маймыл бұл сөзге қуанып, тұлкінің аузына қарал, миық тартып күліп:

— Макұл! Халық ұнатса, патшалықтан несіне қашайын. Элім келгенше әділетпен іс қылармын. Тұлкі, сенің жақсылығыңды ұмытпаспын, «Келіннің бетін кім ашса, көзіне сол ыстық» деген. Сүйіншінді онда берермін. Қолыма билік тиген уақытта, сенің айтқан сөзінді жерге тастамаспын. Жүргін, бастағын, — дейді.

Тұлкі біраз жерге бастап келеді де, манағы қақпан мен балыққа жақындаған уақытта тоқтап тұра қалады. Маймылға қарап:

— Эй, патша! Бір өтінішім бар, менің қарным аш. Сіз бір



дуа қылыңыз. Мен: «әумин!» десем, құдай қабыл қылар. Бір тамақ табылып қалар,— дейді.

Сонда маймыл өз тілімен duas қылады. Тұлкі:

— Әумин!— деп, алдыңғы екі аяғын көтереді. Дуа қылып болғаннан соң, түлкі маймылды бастап, бір қырдан қылт етіп шыға келгенде, манағы қақпанға қойған балыққа жолығады.

Сонда түлкі маймылға:

— Сіз duas қылып едіңіз, мен «әумин!» деп едім, сонымыз қабыл болған екен. Даляр тамаққа жолықтық. «Өлмесін деген құлға өлі балық жолығар» деген осы. Міне, жеңіз!— дейді.

Сонда маймыл:

— Қарным ашты деген едің, өзің жей ғой! Мен бүгін ас жемесем де қуанышыммен-ақ тоқпын,— дейді.

Түлкі:

— Ей, маймыл патша! Егер алты күн аш жүрсем, астың алдын әуелі сіз татпай, қайтіп жеймін. Би патшасынан бұрын ас жемейді. Аш та болсам, әдепсіз қылық көрсетпейтін білімді бидің баласымын,— дейді.

Сонда маймыл қақпанға қарай аяғын бір басып қалғанда сарт етіп аяғын шабады. Қақпанның серпуімен балық ыршып барып, басқа жерге түседі. Түлкі қағып алып жеп қояды. Сонда маймыл ойлап тұрып:

— Патша болған соң ғана кешемін! Пәледен аяғымды құтқар!— деп түлкіге жалынады.

Сонда түлкі:

— Ей, маймыл! Әр алуан ойынши едің, ойнап айтасың ба, шындалп айтасың ба? Амалды сөкпе,abyroidы төкпе! Арыстаннан сені жақсы деп келгенімде, ақуалың осы ма? Аяғыңнан ұстаған қақпанды көтере алмай, жын ұрды ма? Аузыңнан ащы-ащы сез шығады. Екі бақ бар: бірі басқа қонады, екіншісі аяққа қонады. Маймылеке, мәнісі осылай болады. Аяғыңнан қан қақса да отыр! Аузыңнан зар қақса да отыр! Тепкілесең кетпейтін темір бақ қонды! Қақпанға сені патша қылдым! Қайыр қош, аман бол, патшалығың баянды болсын!— деп, жөнеле береді.





Тұлкі мен ешкі

Бір тұлкі жүгіріп келе жатып, абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті. Шыға алмай тұрғанда, бір ешкі су іздең жүріп, әлгі апанға кез болып, тұлқіні көреді.

— Ей, тұлкі батыр, не қылыш тұрсың? — депті.

— Ой, не қыласың, жаным жай тауып тұр. Қырда әрі сусал, әрі ыстықтаң өліп едім. Апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп-тұнық сұзы бар екен, — депті тұлкі.

Мұны естіп ешкі: «Мен де салқындағын, әрі су ішейін» деп ойлап, секіріп апанға түсіпті. Сонда тұлкекең секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне табан тірепті де, ыргып далаға шығып, жөніне кетіпті.

«Өтірікке алданба, басың бәлеге душар болар» деген сөз осыдан қалыпты.



Тышқан мен жылан

Бір тышқан тамақ аулап, ініне қайтып келсе, онда бір жылан жатыр екен. Тышқан мұнан жаман қорқып, қуып шығаруга батпай, ақыл сұрай, өзінің қайғысын айтқалы көршілеріне барады. Ақылды тышқандар жиылдысып отырып, кеңесін айтыпты:

— Сен ол інді тастап, өзге ін қазып ал. Жылан сенің інінді тартып алғаны әділдік емес, бірақ оған қылар еш айла жок. Оған тиіп не қыласың? Мазасын ала берсөң, өзінді жеп қояды, оған ештеңе қыла алмайсың.

Тышқан бишара қайғырса да, үндемей қойыпты. Бірақ қалай кегін алуды ойлайды.

Бір күні сейілдеп келе жатса, інінің аузында жыланның күн шуақта жылынып жатқанын көріпті. Жанында бір кісі үйқтап жатыр екен. Тышқан барып оның мұрнын тістеп алып, жыланға қарай тұра қашыпты. Кісі оянып, тұра қуады. Қараса, алдында жатқан жыланды көреді. Тышқаннан мұның зияны көбірек болған соң, кісі жыланды өлтіруге алданып қалыпты да, тышқанды қоя беріпти.

Сөйтіп, кегі қайтқан тышқан өз ініне қайта келіп тұрыпты.